

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

1-тарау. Антикалық философия





Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

Сократ

Сократ – философия тарихындағы ең атақты тұлға. Көне дәуірдің өзінде-ақ ол даналықтың, дана адамның идеалы болып саналды. Сонымен қатар, ол – ең жұмбақ тұлға. Өйткені ол ешнәрсе жазған жоқ, ешқандай жазба мұра қалдырмаған.

Бірақ соған қарамастан оның ілімі адамзат дамуының көшінен бір қадам да қалмай бүгінге дейін жетіп отыр. Ол әр дәуірдің адамдарымен құрдас және көтерген мәселелері қай заманда да өзектілігін жоғалтпаған. Қайта әр дәуір Сократ мәселесін, оның тағдырын, ойшылды толғандырған сауалдарды әрдайым ой елегінен өткізіп, сол арқылы өз заманының жағдайын сараптап, парасат тағылымын алып, оған өз бағасын да беріп отырған. Себебі ол көтерген мәселелер әлі күнге дейін адамзат баласын толғандырумен келеді.

Сократ философияның бастауында тұрған жанның бірі болды. Оны философия үшін зардап шеккен ең алғашқы адам деуге де болады. Ақиқат жолындағы табандылығы мен адалдығы оны өлімге душар етті. Сократ «Афина жастарын азғындатты, қаланың құдайларына құлшылық етпей, жаңа құдайларға табынуға шақырды» деп айыпталды.

Эрнст Кассирер «өмірі мен өлімінің өзі символ» дейтін Сократ өмірінің, онымен байланысты философиясының, кейінгіге берген басты тәлімі мен аңызға айналған өлімінің де себебі әлі талай ұрпақты толғандыратыны сөзсіз.

Ежелгі Грекия

Философия әлеміне саяхатқа аттанбас бұрын ежелгі Грекияға, үш ұлы философ өмір сүрген дәуірге көз жіберіп көрейік. Бұл – биік таулар қоршаған, құнарлы жазирасы бар, аумағы шағын, табиғаты қатал аймақ еді. Осы жерлерді тәуелсіз, ержүрек және денсаулығы мықты адамдар мекендеді. Саяхаттың ең қарапайым тәсілі – теңіз жолы еді. Қалалар бір-біріне өте жақын орналасқанымен, араларын күрделі рельефтер бөліп тұрды. Гректер көкөніс пен жемістің бірнеше түрін ғана өсірді. Балық қоры солтүстік аймақтардағыдай мол болған жоқ. Ешкі еті негізгі тағам ретінде көп пайдаланылды. Барлық жерде зәйтүн ағаштары жайқалып өсіп тұратын. Зәйтүн майы мол болды. Ауа райы ыстық, жазы өте құрғақ, ылғалы аз еді. Аптап ыстық адамды қалжырататын. Осындай аймақты «мықты, іскер, алғыр және зерек» деп сипатталған адамдар мекендеді. Ежелгі Грекия қазіргі мемлекеттердей біртұтас болған жоқ. Әр қала тәуелсіз құрылым еді.

Афина қаласы шамамен 250 000-дай адам мекендеген мемлекет болды. Тұрғындарының басым бөлігі құлдар еді. Қаланы тәуелсіз азаматтардың халықтық жиналысы басқарды. Афина сәулет өнері, музыкасы, әдебиеті және философиясымен танылды. Ал Спарта мүлде басқа ел еді, ол қатаң әскери мемлекет болатын. Мұнда сәбилерді ата-ана құшағынан алып кетіп, әскери ортада тәрбиеледі. Спарта әдебиетті, сәулет өнерін немесе өнердің басқа да түрлерін бағалаған жоқ. Экономикасы құлдар еңбегін пайдалануға негізделді. Ал барша ер-азамат тек әскери істі ғана меңгерді.

Өмірі

Сократ шамамен б.д.д. 470 жылы қарапайым адамдардың отбасында дүниеге келді. Әкесі Софрониск тас қашаушы ұста болса, анасы Финарета әйелдерді босандыратын кәсіппен шұғылданған. Жас кезінде әкесіне еліктеп тас қашауды, мүсін өнерін меңгереді. Ол сомдаған Харит ескерткішінің Акропольде қойылғанын ескерсек, шығармашылық ұшқының оның бойында туғаннан болғанын көреміз. Жастық дәурені мен балалық шағына Афина қаласының ықпалы артып, мәдени дамуы шарықтау шегіне жеткен кезеңіне тұспа-тұс келді.

Сократ Афина әскерінде гоппит қызметінде болды. Бір замандасы оның Сатирға ұқсайтынын айтыпты. Ол қысы-жазы үнемі жалаң аяқ жүретін. Өте ыңғайсыз қалыпта ұзақ уақыт бойы қозғалмастан тұра беретін. Сірә, бұл оның ақыл-ой тұңғиығына бойлауының ұзаққа созылған



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

сәттері болса керек. Дельфилік сәуегей тірілер ішінде одан асқан кемеңгердің жоғын айтыпты. Сократ өзінің дана екенін түсінді. Өйткені, өзінің ештеңе білмейтінін білді. Ол – адамгершілік туралы толғаған мысқылшыл философ. Оның негізгі әдісі – адамдардан олардың өз пікірлерінің дұрысы мен ақиқат екенін қайдан білетінін сұрау болатын. Демек, ол – философиялық жүйе жасаушы емес, басқа адамдардың ойларын қатаң сынаушы. Сократ этика ұғымын бірінші болып тұжырымдады. Философ ішкі ұят оған ешқашан не істеу керегін айтпайтынын, бұрыс іс істегенде белгі беріп, ескертетінін айтты.

Сократ өз заманына сай білім алып, Анаксагор сынды алдыңғы қатарлы ұстаздардан тәлім алған, яғни өзіне дейінгі және өзімен замандас грек қоғамындағы айтулы тұлғалардың этикасы, космологиясы, натурфилософиясымен жақсы таныс болған. Сократ адам табиғатын тануға, адамзаттың ой санасы мен танымының дамуына зор үлес қосқан ғұлама. Ойшыл ең басты адамның жаны, оның жан дүниесі, адамның жаны қандай күйде болса, адам өмірінің игілігі де соған байланысты, адам жан дүниесімен бай дегенді қайталаудан жалықпаған адам.

Мәдени бастаулар

Сократтың жастық шағында Афина өзінің байлығы, жоғары даму деңгейі және қуаттылығымен даңқы шықты. Афинаның саяси құрылымы демократиялық болды, қаланы әлеуметтік белсенді ақсүйектер басқарды. Халық барлық дау-дамайды түрлі соттарда шешті. Сот жеребе бойынша сайланды, сондықтан шешен сөйлеудің маңызы өте зор еді. Б.д.д. V ғасырда адамдарды иландыру өнерін насихаттаған жиһанкез ұстаздардан құралған ерекше әлеуметтік топ аса танымал болды. Олар софист-жастарды саяси өмірге дайындайтын кәсіби оқытушы ретінде белгілі еді. Софистер өз шеберлігін кейде белден баса отырып та қолдана алатын. Жалпы алғанда, олар дінге, моральдық қағидаларға немесе өмірлік философиялық көзқарастарға немқұрайлы қарады.

Софист Протагор: «Адам – барлық заттардың, тіршілікте бардың – бар екенінің және тіршілікте жоқтың – жоқ екенінің өлшемі», – деп үйретті. Адамдар оны «ешқандай тәуелсіз ақиқат болмауға тиіс: бір адамның пікірі қаншалықты дұрыс болса, екінші адамның пікірі де соншалықты дұрыс» деген мағынада түсінді. Сократ софистермен келіспеді және олармен сөз таластырды. Ол үшін адамгершілік ұстанымдар қашанда маңызды болды және үнемі лайықты азаматтар тәрбиелеуге тырысты.

Платон сұхбаттарындағы Сократ тұлғасы

Сократ бізге өзінің ешбір жазба жұмысын қалдырған жоқ. Қолымызда ұлы философ туралы мәлімет беретін екі дереккөз бар. Біріншісі – «Сократ өз идеяларымен афиналық жастарды азғындатты» деген айыпты алып тастауға тырысқан, өте қарапайым өмірлік көзқарастарға ие Ксенофонттың естеліктері. Келесі дереккөз: дарынды жазушы және философиялық жүйені алғаш құрушылардың бірі – Платон. Оның еңбектері бізге сұхбаттар жиынтығы ретінде жетті. Ол сұхбаттарда екі адам философия жайлы пікірлеседі. Сұхбатқа қатысушылардың бірі Сократ болып шығады. Дегенмен Платон жазған мәтіннің қай бөлігінде Сократ ілімі баяндалып, қай жерінде Платонның өз пікірі берілгенін дәл анықтау қиын. Ертеректегі сұхбаттарда Сократ ілімі тікелей берілген. Ал кейінгі сұхбаттарда Платон ұстазының ілімін кейінге ысырып, өз ойларын баяндауға кіріскен делінеді.

Ойлары

Сократ тәлімінің, оның сол замандағы адамдарды, жастарды неге оқытып, неге тәрбиелегенін түсіну үшін оның философиялық ілімінің мәнімен танысқанымыз жөн. Бірақ, оның соңында өзі жазды деген ешбір жазбаша дерек қалмаған. Ол сол кездегі жазуға сенімсіздікпен қараған,



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

айтатын ойын ауызша, ешқандай дайын нәрсеге қарамай жатқа айтқанды жоғары бағалаған, жазуды тіпті ерікті адамның, азаматтың емес, қара құлдың жұмысы деп есептеген грек қоғамына тән ерекшеліктермен де байланысты. Сократ та «Өз ойларыңды жазудың қажеті жоқ. Философиялау мен философиямен шұғылданудың ең жақсы жолы – әңгімелесу, пікірлесу түріндегі сұхбат» деп санады.

Оның көзқарастарымен біз тек Ксенофонт пен Платон сияқты замандастары және шәкірттерінің еңбектері арқылы таныса аламыз. Бірақ олардың әрқайсысы Сократ тұлғасы, оның философиясы туралы әр алуан, сондай-ақ, бір-біріне қайшы келетін деректерді де келтіреді. Өз ойларын оның аузымен айтқызып, өз пікірлерін сол арқылы жеткізеді. Дегенмен деректердің өзі бағамдай келгенде Сократ идеяларынан оның философиясы жайында байыпты ой қорытындылауға мүмкіндік береді.

Көне Грек философиясына арналған «Афина мектебі» жыр жинағының авторы, сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық телеарнасында 1988–1990 жж. эфирге шыққан «Даналық әліппесі» атты танымдық бағдарламаны жүргізген ақын Өтежан Нұрғалиев: «Сократ – философияның дәу емені. Оның жасы – екі мың сегіз жүз жыл. Сократтың тамыры – софизм. Діңі – яғни кроны Платон. Жемісі – Аристотель», – депті.

Сократ өзіне дейінгі дүние болмысы, табиғат, ондағы заттар мен құбылыстардың себептері мен алғашқы бастауларын, ғарышты зерттеген дәстүрлі философиялау тәсілінен бас тартты. Ол өз философиясының басты да орталық мәселесі адам деп шешті. Сөйтіп ол заманында адамдарды даналық ілімге, риторикаға, логикаға үйреткен ағартушы ұстаздар софистер дәстүрін жалғастырады. Бірақ оның көзқарасы софистердің болмыс, ақиқат туралы қандай нәрсеге де өз түсініктемелері дайын, ақиқатты абсолютті емес, салыстырмалы санаған, «адамға бүгін не пайдалы, не тиімді болса, сол ақиқат» деп есептеген прагматикалық пайымдауларымен сәйкес келмейді.

Оны бірінші кезекте этика, эстетика мәселелері терең толғандырды. Ол үшін дүниедегі ең бірінші және маңызды нәрсе, ол – рух, адамның санасы, одан кейін табиғат. Сондықтан Сократ дүниедегі барша қам-қарекет адам игілігі үшін жасалуы тиіс деп білді. Ол өз заманындағы жаратылыстану ғылымдарындағы жетістіктерді ескере отырып, әлем, табиғат, қоғам, ондағы адамның орны, тұтастай дүние құрылымы, ондағы себептілік байланыс жайын жақсы түсінді және де ол ойларын қарапайым да, ұғынықты тілде жеткізе білді. Оған мысалға Сократтың адамның әрбір ағзасының белгілі бір қызметтер атқару үшін жаралғаны туралы айтқан ойларын алсақ болады. Яғни оның ойынша, «көз – көру үшін, құлақ – есту үшін, мұрын – иіс сезу үшін жаратылған. Құдай адамдардың өмір сүруіне барлық қолайлы жағадайларды жасаған». Оның мысалына Құдайдың адамдарға ұйықтап, тынығуы үшін – түнді жаратқанын, жерден оның тіршілік етуі, өмір сүруіне қажетті барлық заттардың өсіп-өнуін қамтамасыз етіп, күнді де белгілі бір қашықтықта орналастырып, адамды күйдіріп жібермеуін ойластырғанын айтады. Сократтың осы және басқа да ойлары кейінгі Платон, Аристотель, әл-Фараби сияқты ұлы философиялық жүйе құрушы ойшылдардың әлем құрылымы мен адам ағзасы, олардың бағыныстылық сипаттағы жаратылуы мен атқаратын қызметтеріндегі ұқсастығы жайындағы, дүние болмысының рухани және материалдық негізінің бірлігі, тұтастығы туралы философиялық, этикалық, жаратылыстанулық және саяси ілімдерінде өз жалғасын тапты. Мұнда бір қарағанда ешқандай асып бара жатқан философия да, даналық та жоқ сияқты. Бірақ бұл жерде Сократтың «Өзімнің ештеңе білмейтінімді ғана білемін» дегеніндей, адам үшін ең маңыздысы, оның дүниедегі ең күрделі, шешімі ең қиын деген мәселелерді пайымдаудан бұрын, бірінші дәл осындай қарапайым деген нәрселердің жайын ұғынып, әр нәрсенің әлемдегі орнын ажыратуды үйренгені дұрыс деген ой жатқанын бағамдауға болады.

Сократ «ізгілік – басты құндылық» деген пікірді ұстанды. Ешқандай сыртқы себеп адамды ізгіліктен айыра алмайды. Ол бұл дүниелік байлықты керек қылмады және рухани дүниеге қатты қызықты. Ойшыл әрдайым өзін надан адаммын деп санады; ол ештеңе білмейтінін білгендіктен ғана басқалардан ақылдырақ болды. Бірақ білім іздеу басқа нәрсенің бәрінен әлдеқайда маңыздырақ және білім жинау жолы арқылы ғана адам ізгі және қайырымды бола алады деп есептеді. Ол сұрақ және жауап әдісін қолдана отырып, жаңа білім іздеді. Бұл «диалектика» деген атаумен белгілі. Сократ еске түсіру арқылы танымды қалыптастыруға үйретті. Біз өлмейтін жанымыздың бұрынғы өмірінде игергендерін есімізге түсіру арқылы білім жинаймыз. Сократ



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

«құндылық», «әділет», «ақиқат» және «әдемілік» сияқты ұғымдардың ақиқат мәнін сұрақ-жауап әдісінің көмегімен табуға тырысты. Философ мүлде бұрыс пайымдарды әшкерелеуден тіпті де қорықпады. Басқалардың қате пікірлеріне ымырасыздықпен қарауы оның беделін арттыра қойған жоқ. Алайда ойшыл бұған мән бермеді. Логика осы кезеңде өз дамуының алғашқы сатысында ғана еді. Бірақ Сократ өз пікірлеріне қарсы дәлел айтқан адамды білім-білігімен оңай жеңіп кете алатын. Оның басты пайымы: ізгілік – білімнен, дұрыс іс-әрекет рационалды түсінуден туындайды. Барлық адам ізгілікті қалайды. Ал олар жасайтын кез келген зұлымдық олардың ізгіліктің не екенін білмеуінен пайда болады. Ол өзінің ештеңе білмейтінінен басқа ештеңені білмеймін деп есептеді. Өзінің негізгі міндеті – білім беру емес, барша адамды өз пікір-пайымдарын сыни бағалауға, сол қорытынды бағалар ақыл-ойдан туындамаған жағдайда олардан бас тартуға жетелеу деп санады.

Сократтың ирониясы мен майевтикасы

Сократтың Афина көшелері мен базарларын, жұрт көп жиналатын алаңдарды кезіп жүріп адамдарға түрлі сауалдар қойып, өз пікірін дәлелдеп, олармен үнемі айтысып жүріп құратын сұхбаттарындағы оның көздеген мақсаты мен қолданған тәсіліне келсек, оның қоятын сұрақтары өзін ең білгірмін деп санаған адамдардың өзін көбінесе тығырыққа тіреп отырған. Сондықтан да сократтық мысқылды, иронияны көп жағдайда адамдар кісіні кемсіту, әжуалау деп қабылдаған. Бірақ бұл ешқандай да кемсіту емес, Сократтың оны өз анасының кәсібімен салыстырып, айырмашылығы өмірге келетін сәбиді емес, ақиқат ойды қабылдап алуға мүмкіндік береді деп санаған майевтика деп аталатын диалектикалық әдісіне әкелетін арнайы тәсілі болатын.

Оның мәні, Сократ, өз сұхбаттарында қарсыласына қарапайымнан басталып, күрделене түсіп сұхбаттасушыны ыңғайсыз сұрақтарды бірінен соң бірін қоятын болған. Мұндайда қарсылас өзінің кейінгі жауаптарында алдыңғы айтқандарына қайшы келетін жауаптарды бере бастайтын. Нәтижесінде ойшыл сол қайшылықтарды тауып отырып, қарсыласты тығырыққа тіреу арқылы, оларды айтыс, пікірталасқа арналып отырған мәселеге байланысты өз пікірін өзгертуге және сол ойларын қайта қарауға шақырған.

Мысалы, пікірлесушіге: «Ұрлық жасау жақсы ма?» – деген сауал қояды. Анау «Жақсы емес» дейді. «Әрқашан сондай ма?» дегенде, «Иә» деп жауап береді. «Ал жауыңнан, тура шайқас қарсаңында қару ұрлап алған қандай болады?», – дейді. Сонда пікірлесуші: «Ол жағын ойлану керек екен, дегенмен достардың дүниесін ұрлаған дұрыс емес» деп саса бастайды. Осы кезде ол: «Ал, әл үстінде жатқан досыңнан, оның ауруға шыдамай қаруға ұмтылып, өзін майып етпеуі үшін қылышын алып алса қалай болады?», – дейді. Осындайда қарсылас Сократ қойған сауалдар төңірегінде ойланып көретінін айтып, ол мәселе жайлы өз пікірін өзгертуі керектігі туралы қорытындыға келетін болған.

Сонымен қатар Сократтың майевтикасы қарсыласқа ешқандай мүмкіндік қалдырмай, әрқашан өз дегенінмен келістіру де емес. Ол пікірлесушіні, ешқандай мәжбүрлемей, бірақ өзгелердің де ойын есепке ала отырып, индукция тәсілімен өзінің ақиқат тұжырымға келуіне мүмкіндік беру болып табылады. Мұндағы оның басты мақсаты, кейін Платонның таным теориясы мен эстетикасында жалғасын тапқан, ізгілік, әдемілік, әділдік, сұлулық, махаббат туралы қоғамдағы қасаң түсініктерді өзгертіп, адамға осы құндылықтар туралы жалпыға ортақ, абсолюттік ақиқат болып табылатын сұрақтарға дұрыс түсінік қалыптастыруына ықпал ету болатын.

Сократ философиясындағы адам мәселесі

Ойшыл философияның негізгі мәселесі адам деп шешті, оның адамгершілігінің табиғатын зерттеуге көңіл бөлді. Афина көшелерін ұзақ кезіп жүріп, адамдарды даналық ілімге үйреткен, басқаша айтқанда қоғамдағы жағдайларға ешқашан бей жай қарамаған, келеңсіздіктерді



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

ешбір айналып өтпеген Сократ ілімі, замандас софистермен қатар, философияны алғаш болып адам мәселесіне бұрады. Философияның ендігі жердегі мәселесі жеке алғандағы табиғат та, күллі ғарыш та емес, адам, оның әлемдегі орны, тағдыры, өмірінің мәні екеніне назар аударады.

Сократтың білім, әділеттілік, әсемдік туралы көзқарастары оның маңдай көзімен көретін сыртқы сұлулық та, мардымсыз білім арқылы пайымдап түсінуге болатын ақиқат та емес.

Ол сұлулық Мағжанның «Сүйемін» деген өлеңінде: «Күлдей күңгірт шашы бар, Тоқсан бесте жасы бар, Көз дегенің сұп-сұр көр...» дейтін қарт анасын, «Көзінде көк нұры жоқ, Аузында жұмақ жыры жоқ... Білгені қазан-ошағы» дейтін қарапайым жарын, «Ұйқы басқан қабағын, Бастыра киген тымағын, Жүрген ескі заңымен, Алдындағы малымен Бірге жусап, бірге өрген» – Алаш деген елін, «сағымы сайран құрып, бораны ұлыған» – Сарыарқа деген жерін неге екенін білмеймін деп, себепсіз сүйетінін жырға қосқанындай, көзге ұрып көрінбегенмен, көңілді тербеп, жүректі асқақ сезімге бөлеген жанға жақын тәңірі сұлулық.

Ал ақиқат, шындық, білім де осы сияқты, Сократтың оған жетудегі диалектикалық әдісінің ирония, майевтика, индукциясы бойынша дәлелдейтін, шындығында адамның білім деп немесе бір нәрсе жайлы білем деп жүргені мына күллі әлемді жоқтан бар етіп, қалыпқа келтіруші Жаратқанның шексіз білімімен ешбір салыстыруға келмейді. Сондай-ақ, тағы бір мәселе, ғылым, білім саласы бойынша да олармен айналысып жүрген адамдардың білім деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ кейбір адамдар өзінің ақылды, алғыр екеніне сеніп, сол мәселені өзінен әлдеқайда терең түсінетін, онымен ұзақ жылдан бері айналысып жүрген маманмен терезем тең деп ойлайды. Сократтың әдісіндегі басты нәрсе талқыланатын мәселе бойынша қарсыласына қарапайымнан бастап күрделене беріп, қарсыласты тығырыққа тірейтін үсті-үстіне қойылатын сұрақтар. Соның нәтижесінде ол өзін білімді, данышпанмын деп жүрген адамдардың сол сала немесе мәселе бойынша білімінің шындығында ешбір сын көтермейтін мардымсыз, жеткіліксіз, жалған екенін анықтап отырған.

Мұндағы Сократтың позициясын заманауи әлеуметтанулық зерттеулермен де салыстыруға болады. Мысалы, ресейлік ғалым, әлеуметтану ғылымының докторы Леонид Аверьянов әлеуметтану ғылымын: «сұрақ қою өнері» деп анықтаған, яғни әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты, оның өз заманының өзекті сауалдары тәңірегінде адамдармен сұхбат құрып, нәтижесінде сұхбаттасушыны ақиқат тұжырымға жетелейтіні сияқты, қоғамдағы өзекті деген мәселені таңдап алып зерттеу. Оның басты шарты, бірінші, зерттеушінің сол зерттеу нысаны туралы жеткілікті білімі болуы қажет, яғни зерттеуші зерттелетін мәселемен жақсы таныс болуы тиіс. Екінші, респондентке қойылатын сауалдар дұрыс таңдалуы қажет. Себебі сұрақ қандай болса дейді әлеуметтанушылар, жауап та сондай болады. Нәтижесінде сұрақ қоюшы мен жауап беруші біріге отырып, мәселенің мәнін дұрыс байыптауға қол жеткізеді. Зерттеу барысында болжанған нәтижемен бірге мәселенің жаңа қырлары айқындалып, тың мағлұматтар алынады. Әлеуметтанулық зерттеудің түпкілікті нәтижесі де осы соңғы нәтижемен байланысты. Бұл соңғы нәтиже Сократтың майевтикасындағы өмірге келетін ақиқатты қабылдап алумен сәйкес келеді.

Ал софистер болса адамгершілік қағидалары мен заңдарға қатысты да олардың абсолютті емес, қашанда салыстырмалы болып келетінін дәйектеуге тырысты. Олар үшін әр нәрсенің тәжірибелік маңыздылығы мен жеке тиімділігі бірінші орында. Сократ мұнымен келіспейді. Софистер үшін оның ілімінде де орталық мәселе адам. Бірақ Сократтың софистерден басты айырмашылығы, ол адамгершілік пен заңға қатысты олардың салыстырмалы екенін ғана емес, софистер айтатын өзге де кез келген пайда мен тиімділікті теріске шығарады. Ол тек рухани пайда келтіру мен тиімділікті ғана жақтайды. Софистер сонымен қатар, жеке индивидуализмді дәріптеп, сол уақыттағы полистік санаға тән адамдағы барша әлеуметтіктен, яғни көпшілікке ортақ нәрселерден де бас тартады. Сократ керісінше, адам өмірінің шынайы мәнін әлеуметтіктен көреді, яғни оның қоғамдағы орны, өзге адамдармен қарым-қатынасы, ұжымда, қоғамда, мемлекетте өмір сүріп, мақсат, мұратына жалғыз өзі емес, ел-жұртымен бірге жеткенін қалайды. Егер софистер қоғамның әлеуметтік болмысын бір-біріне тәуелсіз, жекелеген бөлшектерден тұрады деп есептеп, оның бірлігін теріске шығарса, Сократ мұнымен де келіспейді. Адамның ойлай алатын тіршілік иесі екенін айтады. Бірақ, жалғыз адамның ойы, – дейді, – ақиқат бола алмайды. Ақиқатқа тек үнемі ізденісте болып, көптеген пікірлердің қақтығысы орын алатын қызу пікірталаста ғана қол жеткізуге болады. Ал әңгімелесу, пікірлесудің өзі әлеуметтік актіге



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 1. Антикалық философия
Дәріс: 1. Сократ пен Платон: от пен күн. 1-бөлім

жатады. Сондықтан да адам қоғамда ғана өмір сүріп, қоғамда ғана шындығын таба алады деуге болады.